

# М. МУХТАР ОМАРХАНУЛЫ ГРАЖДАНИНУ, ПИСАТЕЛЮ, МЫСЛИТЕЛЮ, УЧЕНОМУ посвящается



МУХТАР ОМАРХАНУЛЫ ӘУЕЗОВ немересімен.

КАЗАХСКИЙ

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

УНИВЕРСИТЕТ

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

4

ИЮЛЯ  
1967 г.

№ 21—22 (704—705)

Орган парткома, ректората, комсомола, месткома  
и профкома Казахского государственного университета им. С. М. Кирова

Цена 2 коп.

## В ЧЕСТЬ ЮБИЛЕЯ

Общественность университета готовится широко отметить приближающееся семидесятилетие великого сына народа, выдающегося писателя и ученого, Мухтара Омархановича Ауэзова.

Для проведения юбилея Мухтара Омархановича Ауэзова создана комиссия в составе А. З. Зайкина (председатель), Х. М. Сайкиева, Т. С. Амандосова, Т. Т. Нуртазина, М. Б. Балакаева, Б. К. Кенжебаева (члены комиссии).

Решено в сентябре—октябре провести Ученый Совет университета, посвященный памяти выдающегося писателя, профессора М. О. Ауэзова.

На пленарном заседании Совета будут заслушаны доклады: М. Ауэзов— жизнь, творчество, общественная деятельность. (проф. Т. Т. Нуртазин).

М. Ауэзов — художник слова (доцент З. Кабдулов).

Роль М. Ауэзова в развитии казахского литературного языка (проф. М. Б. Балакаев).

Воспоминания о М. Ауэзове М. И. Усановича, А. Б. Никольской, Н. И. Анова.

Объявлен конкурс на лучшие студенческие работы по изучению творческого наследия М. Ауэзова. Для премирования лучших студенческих работ учреждены три премии по пятьдесят рублей каждая.

Устиміздегі жылы, сентябрьде, қазақ әдебиетінің асқар белі, кеменгер жазушымыз, ойшыл — ғалым Мухтар Омарханұлы Әуезовтің 70 жылдық мерекелі тойы бүкіл Одақ көлемінде кеңінен аталып өтпек.

Жазушының халық үшін, өз отаны үшін сіңірген еңбегінің маңызы өте зор. Оның 1917 жылдан бастап жарияланып тұрған арнауан көркем шығармалары, саяси публицистикалық, ғылыми — сын мақалалары, көлемді еңбектері әдебиеттің әр жаңрында, түрлі тақырыптарда жазылғанымен, олар бір ғана мақсатты, бір ғана бағытты көздейді — халық тұрмысының, қоғам өмірінің күнделікті көкейтесті мәселелерін көтеруді, келешек өсу жолын іздеп табуды көксейді. Яғни, ол, қолына алғаш қалам алған күннен бастап жазушының, суреткердің әдебиет алдындағы борышын, ал, әдебиет пен өнердің қоғам алдындағы, халық алдындағы абыройлы міндетін терең түсініп, берік ұстана біледі.

Мухтар Әуезовтің көптеген шығармалары қазақ халқының революциядан бұрынғы өмір қалпын суреттеуге арналған. Оның «Абай жолы», «Еңлік-Кебек», «Қорғасындардың күні», «Қайғылы жетім», «Қара көз», «Кім кінәлі?», «Қараш-Қараш», «Айман-Шолпан», т. б. эпопея, әңгіме, пьесаларында халықтың бір-біріне жалғасып келген өткен тағдырының, тарихының айқын ізі жатыр деуге болады.

Әуезовтің тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларының басты арнасы — «Абай жолы» эпопесы революцияға дейінгі қазақ өмірінің эн-

циклопедиясы» деп бағалануы кездейсоқ емес. Онда халықтың ескі әдет-ғұрып, салт-санасы, бұқара қауымның ауыр азапты тұрмысы, үстем тап өкілдерінің озбырлықтары тізіліп, суреттеліп қана қоймай, сол әдет-ғұрып, салт-сананың туып, қа-

Бейсенбай КЕНЖЕБАЕВ.

Керімбек СЫЗДЫҚОВ.

## Азамат жазушы

лыптасу жолдары, азапты тұрмыс пен түрлі ауыртпалықтардың түпкі қоғамдық мәні, объективті заңдылықтары түгел болмыс-бітімімен көрініп танылады.

М. Әуезов жаңа социалистік тұрмыс тақырыбын игеруге, бүгінгі өмір көріністерін бейнелеуге де көп еңбек сіңірді. «Тартыс», «Тас түлек», «Түнгі сарын», «Шатқалан», «Блек-ке-білек», «Бүркіттің», «Түркетан

солай туған», т. б. әңгіме, очерк, пьесалары және аяқталмай қалған «Өскен өркен» атты үлкен романының алғашқы кітабы қазақ халқының бүгінгі жарқын өмірін, жаңа заман, жаңа адам бейнесін жасауға арналған. Мұнда да автор кең қауысқа қамтып, терең іздене зерттеп, жаңа қоғамның ерекшелік, философиялық заңдылықтарымен аша көрсетуге әрекет еткен.

Бұл шығармалардағы Жантас, Бекбол, Құлжатай, Мұрат, Карпов, Әсия, Жәкен, т. с. с. кейіпкерлер жеке басының ғана күйін күйттемей, үлкен қоғамдық мақсат ойлайтын, өз дәуірін жете танып, алға қарай адымдап ұмтылушы тарих арнасындағы адамдар болып саналады. Өйткені — «геройдың интеллекті—көбінесе жазушының өз интеллектінің тереңдігі мен кендігінің туындысы» — дейді жазушының өзі.

Мухтар Әуезов осындай жоғары идеялы, терең мазмұнды, шебер туындылар жазумен қатар, өмір бойына үлкен қоғамдық — әлеуметтік, педагогтік қызметтер атқарып, әрі қазақ әдебиеті мен мәдениеті жайлы салмақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырды.

Жазушының мұндай сан қырлы еңбегі дүние жүзі халықтарына кеңінен танылып, жоғары бағаланды.

Бірінші дәрежелі Мемлекеттік, Лениндік сыйлықтардың лауреаты, үкіметіміздің ең жоғары наградаларына ие болған, «ХХ ғасыр жазушыларының бірінші сапының азаматы» азамат жазушысы Мухтар Омарханұлы Әуезовтің еңбегі мен есімі әр уақытта да ардақты, қадірлі!

## Сапардағы ой

(«ӘРУАҚТАР ЖЕБЕЙДІ» атты циклдан)

Көз сүрінер жерде қалу екен мін, Құба белдер қол қусырып тұр алдан. Биіктігі мәртебелі мекеннің — Ұлылық пен кішіліктен құралған, Беткейінде өзін от қып жақса кім, Қаранғыда қабірімен, жол сілтеп, Жүрек біткен түзеп ашып мақсатын Барар жерін өріректен көрсін тек. Өкінбегей ол мұратқа жетпесе, Дала төсі толы үміт! Қанша арман—Арман болып көктесе, Соңша қиял жатыр онда көміліп. Бүгінгі күн куәсіндей осының, Ұйқы бермей сөнген көздер жарқылы. Өз жолына ұрпақ жолы қосылып Жан баспаған шыңға шығу арқылы. Тірілердің құрметіне бөленген Өлілердің нығында келем мені! Жарасқан ӘБДІРАШЕВ.

Его уже нет среди нас. Но мы постоянно чувствуем его живое присутствие. Он смотрит на нас своими добрыми, чуждыми глазами с книжных страниц, с киноэкранов, с театральных подмостков.

Для многих он был не только крупной фигурой в литературе. Для многих, в частности, для сотрудников нашего университета, он на протяжении нескольких лет был замечательным другом, учителем.

Имя Мухтара Омархановича Ауэзова навсегда связано с лучшими делами нашей эпохи, с именами лучших людей нашего времени.

Мы гордимся, что в стенах нашего университета работал человек с мировым именем. Он учил нас мыслить, дерзать, жить.

Мы должны всегда помнить об этом.

Вспоминается, как однажды Мухтар Омарханович привез из Москвы диковину, одно из поразительных произведений искусства, навод многолетней кропотливой работы безвестного умельца — шар из слоновой кости, внутри которого выточены еще несколько шаров — шар в шаре все меньшего и меньшего размера. При этом на поверхности каждого шара были искусно выточены фигурки людей, животных, картины природы.

Будучи человеком очень эмоциональным, Мухтар Омарханович с присущей ему непосредственностью восклицал: «какое поразительное искусство!». Мне почему-то захотелось сравнить художественное творчество моего учителя с таким шаром. Он оставил нам свой «шар» — восхитительный роман об Абае и другие. Тяжело писать о безвременно ушедшем из жизни человеке. Но в то же время на душе становится светло от того, что таких людей дает народ, они были, есть, будут. Жизнь нескончаема, неостановима, большие люди в своих делах продолжают жить среди нас.

Доц. А. И. МАЛОВИЧКО.

## Учитель, человек

Мухтара Омархановича Ауэзова я знал около 20 лет. Сначала слушал его лекции как студент. В аспирантуре он был моим научным руководителем. В одном авторском коллективе мы работали над большим научным исследованием «Очерк казахской советской литературы».

Когда думаешь о таком человеке, каким был Мухтар Омарханович, испытываешь одновременно два противоречивых чувства. Чувство шемящей боли от того, что его уже нет среди нас и чувство восхищения этим человеком, гордость за него, за народ, который дал его миру.

Всех, кто знал Мухтара Омархановича, поражала его энциклопедическая образованность, поразительное знание литературы народов нашей страны и всего мира, тонкое понимание произведений разных искусств. Это была подлинно художественная натура. Его суждения в этой области удивляли тонкостью наблюдений, способностью делать широкие обобщения.

Ученый и художник в Мухтаре Омархановиче были слиты воедино. Он был неутомимым исследователем

истории, этнографии, литературы, языка, морали, быта, национальных героев его народа. Не случайно его роман-эпопея об Абае называется энциклопедией жизни казахского народа.

В жизни, в обращении с людьми Мухтар Омарханович был необыкновенно прост и доброжелателен. Но ему чужды были всепрощение и беспринципная уступчивость. Он был требователен к себе и к другим, отличался прямой и справедливостью в суждениях и оценках. Из-за чего в его жизни не раз бывали очень тяжелые ситуации, которые он пережил героично и мужественно, веря, что правда и справедливость восторжествуют. Он любил свою страну, свой народ, был интернационалистом по самому глубокому убеждению. Не случайно одной из самых основных тем произведений стала тема дружбы народов.

Мухтар Омарханович очень любил жизнь — полнокровную, активную, жизнь-горение, и этим заражал других. Умел он глубоко печалиться, но и искренне радоваться, шутить, смеяться.



ӨШПЕС ӨНЕГЕ

Бекмурат УАХАТОВ.

Көктей қаулап, құлпыра шешек атқан студенттік өмірде үздіксіз ұмыс тауып, нәр алар, қуаныш ба...

соқпақтарын аралатып әкететін де, ақыл-шөлмегіміздің ернеуінен асып...

тың өзі өзгеше жанмен жасап берген із-жобаның негізінде қазақ әдебиетінің алты томдық тарихын жазып бітірді.

ЗАМАНДАСТАР ПІІРІ

«Осынау ғажайып эпопея бізге тұтас бір дүниені сыйға тартты, табиғаттың тұрмыс-салтын, адам құштарлығын баяндаудың тамаша картиналарын бізді ұйытып әкетті.»

Н. ТИХОНОВ.

«Романист, драматург, сценарист, лиригист, қазақ тіліне Гоголь мен Шекспирді аударушы Әуезов—совет жазушыларының алдыңғы қатарында тұр.»

ЛУИ АРАГОН.

«Әуезов Мұхтар—қазақ әдебиетін, көркем өнер мен мәдениетін бүкіл одақ көлеміне шығарушының бірі, ол талантты жазушы ғана емес, бүгінде бүкіл совет елі мен дүние жүзінің алдыңғы қатарлы оқымыстыларына танылған зор ғалым да.»

Ғұмар БАШИРОВ.

«Абай» романын осы заман тақырыбына жазылған шығармалардың қатарына қоюға әбден болады. Негіз десеніз, бұл роман тарихи тақырыпқа жазылғанымен, ондағы шындық—осы заманның жарығы түскен, осы заманның совет жазушысы тұрғысынан суреттелген шындық.

Александр СУРКОВ.

«...Әуезовтың романы—әбден кемеліне келген күдіретті көркем шығарма.»

Леонид СОБОЛЕВ.

«Миллиондаған оқушы жұрт Омарханұлына дән риза.»

Берді КЕРБЕБАЕВ.

«Мұхтар аға—шын мәніндегі даңқты, ұлы Алағұдай асқар, алып жазушы.»

АИБЕК.

АКАДЕМИК—ЖАЗУШЫ М. ӘУЕЗОВТЫҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ АНКЕТАСЫ

Қадірлі Мұхтар аға! Уақытыңыз болса, осы анкетаға жауап беруіңізді өтінеміз. СҰРАҚ. Сіздің алғашқы жазған шығармаңыздың аты не, оның тағдыры қандай болды? ЖАУАП. «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал».

жаза бересіз бе? (Бірін бастап, екіншісін орталап). ЖАУАП. Көркем шығарманы екеуін қатар істемеймін. Ал зерттеуді аралас істей беру әр кездесі дағдым. СҰРАҚ. Шығарманы жазу үстінде айлап, апталап үзіліс жасаудың қандай пайда-зияны бар деп ойлайсыз? ЖАУАП. Аса көп пайдасы бар. Бірталайды жазып қойып, тастап қетіп, қайта оралып еңбектену өте нәрлі болады деп білемін.

ОН ЖИЛ \* МУЗЕЙДЕГІ СӨЗІМДЕР

А выдающийся писатель Пакистана Лауреат Международной Ленинской премии Фанз-Ахмед Фанз оставил такие слова: «Яркая звезда на небосводе Казахстана, писатель, ученый и мыслитель—мне тоже выпала честь встретиться с ним. Я счастлива, что мне позже довелось быть в его доме, я снова как бы встретилась с ним. Это большая честь для меня и я благодарен за нее организаторам дома-музея.» Немало хороших слов оставлено в книге-отзывов преподавателями школ, писателями союзных республик пионерами и школьниками, экскурсантами и зарубежными гостями.

дарственного сельскохозяйственного института, рабочие и служащие продолжают посещать народный университет. И. БОЛЬШАКОВ. — Бүгін жексенбі ғой. Мұхтар ағаның музейімен таныссақ. ...Жұмыс кабинеті. Жазу столы. Беті жабылған дәптерлер. Қабина салынбаған көзілдірік. Бұрышқа сүйей салған домбыра. Бәрі: «Иесі жаңа ғана шығып кеткен дүниелер-ау» деген ойға калдырады. — Мынаны қарашы. Әлемдік әдебиеттің ең сирек нұсқалары тұрғанын. — Мұхтар ағадай ұлы адамның ұлылығы да. Ұлы адам... Мұхтар аға... Дал қазір осы екі ұғымның бір-бірінен айырмашылығы жоқ сияқты. Тіпті бөліп алып қарауға болмайтындай. Бұл бөлмеден шығып және оң жақтағы есікке кірдік. — Әне, Мұхтар аға қарап тұр. — Кәне? Шынында да бізге өз ағаның Совет Одағының халық суретшісі Е. В. Вучетич жасаған үесіні қарап тұр еді.

— Бері кел, Мұхтар аға университетте... Мына бір суретте Зейнолла ағай лекция тындап отыр. Біз ілгері жылжыдық. — Ген «Абай жолы» эпопеясы туралы француз сыншысы Бержеронның не дегенін білесіз бе? — Не депті? — «Осыныша ұлылықпен, осыныша махаббатпен, оның үстіне Әуезовтың даусындай дауыспен жырланған халық—көксесі шын көгерген халық қой». Тамаша емес пе? — Иә, нә. Сөз жоқ. — Сол «Абай жолы» эпопеясы мына столда жазылыпты. Сарғайған қағаздағы бояуы оңа бастаған жазулар, қазақтың күнісі мен кімешегін киіп түскен суреттер, күмістелген ер-тоқым, қамшы... Осының бәрі—данышпан Абай бейнесін жасауда кедерге жараған дүниелер ғой. Міне, тағы бір стол. Ол алдыңғы столдан әлдеқайда өзгеше. Үстіне қызыл шұға жабылыпты. Мұның үстіндегі «Абай жолы» да өзгеше. Ол—анау столдағыдай қолжазба да, оның көшірмесі де емес. Әлемдік әдебиеттің мақтанышы болған эпопеяның өзі... Орыс, ағылшын, француз, вьетнам, поляк, грек тілдеріне аударылған ұлы шығарма.

Келесі бөлме. Мұнда да біз Мұхтар ағамен дидарласқандай болдық... Бала Мұхтар. Аға Мұхтар. Ағаның өзі де бала болыпты. Ол да біздей доп ойнапты. Көдімігі өзіміздей-ақ бала... — Мынаны қарашы, Әйгерім отауында қойылған «Еңлік—Кебек» трагедиясы декорациясының эскизі. — Бұл шығармасын он тоғыз жасында жазған екен. — Иә, қазақ театр өнерінің қара шаңырағы да өз шымылдығын өз ағаның осы туындысымен ашқан жоқ па? — Иә, иә... Осы ойлардың жетегінде келесі бөлменің табалдырығын аттадық. «Мұхтар Әуезов—60 жаста», «Мұхтар Әуезов—қоғам қайраткері». Бәсе, бәсе ұлы алағма осы бейне лайық қой. Біз оны дәл осылай ұғушы едік. Дәл осылай елестетуші едік. Жазушының өмір жолына арналған көркем суретті фильмді көргенімізде бұрынғы білгендеріміз мольғып, толығын түскендей сезіндік... Осының бәрі бір жолға-ақ сияпты-ау. «Алматы М. О. Әуезовпен қоштасуда». — Не дейді? Мұхтар аға жаңа ғана бізді қарсы алмап па еді! Жаңа ғана біздің жанымызда еді ғой. Алматылықтардың қоштасқаны несі,

ол кісімен?! Әлде біз... Жок, біз музейде екенбіз. Япыр-ай, бүкіл Алматы қара жамылтты, бүкіл Алматы жылапты. Мына тұрғандардың бәрі өзімізге таныс қой. Ғалымдар, жазушылар, артистер, жұмысшылар, студенттер. Күнде өзімізбен жайрандай жүздесіп, күле сөйлесіп жүруші еді. Бүгін бәрінің көздері жасқа, көңілдері қайғыға толғаны ма, Мұхтар аға? Сөлт етпейді. Демек... Мына жұртшылық босқа күңіренбейті. Ғасырлар бойы әжімді маңдай мен күс қолдардың тері сіңіп, қазақ тарихының символы болған қара шаңырағы—кіз үйді «тәкәппарлардың» төріне тігіп тастаған күдіретті талант несі мәңгі ұйқыға кетіпті. Ұлы адам ғой. Ұлының қазасы да ұлы. Музей деп келгеніміз басқа болып шыққандай. Біз өзіміз естіп білмеген ғаламды аралағандай болдық. Аяулы аға... Әз аға... Ұлы адам... Мұхтар Әуезов... Қайталанбас қасиеттер иесі, қазақ әдебиетінің қыраны болған ұлының түлеген ұясы—әрбір адамның жүрегіне жылы да жақын сезілетін осы бір үйдің есігін біз де қимастықпен жаптық. Шарбану БЕЙСЕНОВА. Сара ЛАТИЕВА.

